

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне фитосанитариялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 17 шілдедегі N 189-IV Заңы

1-бап . Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 2-3, 34-құжат; N 23, 931-құжат; 2002 ж., N 4, 30-құжат; 2003 ж., N 15, 121-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат):

1) кіріспедегі "мемлекеттік шараларды жүзеге асырудың құқықтық негізі" деген сөздер "іс-шараларды жүзеге асырудың құқықтық негізін, мақсаттарын, міндеттері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 және 2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

" 1-бап . Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөтен текті түр - Қазақстан Республикасының флорасы мен фаунасында жоқ, пайда бола қалған жағдайда елеулі экономикалық және экологиялық залал келтіруі мүмкін жәндіктің, өсімдік ауруларын қоздырушының және арамшөптің түрі;

2) жерсіндіру-карантиндік көшеттіктер - импорттық отырғызылатын және тұқымдық материалдағы карантинді объектілердің және басқа да ерекше қауіпті зиянды организмдердің жасырын жұғуын анықтау үшін арнайы жабдықталған к ө ш е т т і к т е р ;

3) импорттық карантиндік рұқсат - карантинге жатқызылған өнімді уәкілетті орган айқындайтын жағдайларда Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат беретін құжат;

4) карантинге жатқызылған өнім - өздері арқылы карантинді объектілерді таратуы мүмкін кез келген материалдар (жүктер);

5) карантинді аймақ - карантинді объектінің анықталуына байланысты белгіленген тәртіппен карантинге жатқызылған деп жарияланған аумақ;

6) карантинді объект - бекітілген карантиндік түрлер тізбесіне сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында жоқ немесе шектеулі таралған, өсімдіктерге және өсімдік өніміне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін өсімдіктер зиянкесі, ауруын қоздырғыш н е м е с е а р а м ш ө п ;

7) карантинді объектінің таралу ошағы - карантинді объект анықталған және өсімдік карантині жөнінде іс-шаралар жүзеге асырылуға тиіс немесе жүзеге асырылып ж а т қ а н а у м а қ ;

карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорынның бөлімшелері.

2-бап . Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгендегіден өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.";

3) 3 - б а п т а :

1) т а р м а қ ш а д а :

"Республика" деген сөз "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"шет елдерден" деген сөздер "басқа мемлекеттерден" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) тармақшадағы "Республиканың" деген сөз "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу.";

4) 4 - б а п т а :

тақырыптағы және бірінші абзацтағы "мемлекеттік шараларды" деген сөздер "іс-шараларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы және 1) тармақшадағы "Республика", "Республиканың" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік реттеу, мемлекеттік бақылау және Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық ;" ;

5) тармақшадағы "тиісті шарттар негізінде" деген сөздер алып тасталсын;

5) 5 және 6-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

" 5-бап . Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік реттеу

Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі, аумақтық бөлімшелері, оның ішінде фитосанитариялық бақылау бекеттері бар ведомствосымен қоса алғанда уәкілетті орган жүзеге асырады.

6-бап. Өсімдіктер карантинін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі

Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантинін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесіне :

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
2) уәкілетті орган;
3) өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелер: республикалық, аймақтық карантиндік зертханалар және фитосанитариялық бақылау бекеттерінің жанындағы зертханалар; жерсіндіру-карантиндік көшеттіктер; республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы ;

4) фитосанитариялық зертханалары және фумигациялық отрядтары бар өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорын кіреді.";

6) мынадай мазмұндағы 6-1 баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді ;

2) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен өсімдіктер карантині саласындағы өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді;

3) өсімдіктер карантині саласындағы салалық (секторлық) бағдарламаларды бекітеді ;

4) Қазақстан Республикасының аумағын карантинді объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі ережелерді бекітеді;

5) өздеріне қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін бекітеді;

6) екі немесе одан көп облыстар аумағында карантиндік режим енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу немесе оның күшін жою туралы шешім қабылдайды;

7) өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелерді және республикалық мемлекеттік кәсіпорынды құрады.";

7) 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "әзірлеп" деген сөз "қалыптастырып" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

2) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

3) тармақшадағы "елдерде" деген сөз "мемлекеттерде" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "(жүктерді)" деген сөз алып тасталсын;

7) тармақшадағы "жөніндегі" деген сөз "саласындағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"карантиндік" деген сөз "өсімдіктер карантині жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бекітеді" деген сөз "келіседі" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы "лауазымына" деген сөз "және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар лауазымдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) және 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"11) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуді ұйымдастырады және олардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;"

"13) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтерді (улы химикаттарды), оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;"

14) тармақшада "карантиндік объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою" деген сөздер "өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөледі;"

16) және 19) тармақшалардағы "өсімдіктер карантині жөніндегі шекаралық пункттер мен постыларда" деген сөздер "фитосанитариялық бақылау бекеттерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшадағы "республика базарлары мен кәсіпорындарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының ішкі сауда объектілерінде және ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) тармақшада :

"өсімдік текті", "базарлардың" деген сөздер тиісінше "өсімдіктен алынатын", "ішкі сауда объектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан," деген сөздер алып тасталсын;

22) тармақша алып тасталсын;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

" 23) мынадай :

анықталған Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы;

өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды орындау туралы нұсқама береді және оның орындалуын бақылайды;"

мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

"23-1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы сотқа талап арыз жібереді;"

26) тармақтағы "осы аймақтарда міндетті іс-шараларды жүргізу тәртібін әзірлейді" деген сөздер "осы аймақтарда өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін әзірлейді және олардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) тармақша алып тасталсын;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) өсімдіктер карантині саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады." ;

2 - тармақта :

бірінші бөліктегі "Тиісті уәкілетті органның" деген сөздер "Ведомствоның" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлікте :

"Уәкілетті органның", "органдарының" деген сөздер тиісінше "Ведомствоның", "бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"облыстар мен қалалардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды тікелей жүзеге асыратын өзге де лауазымды адамдары өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылады.";

8) 7-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1-бап. Өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелердің функциялары

1. Республикалық, аймақтық карантиндік зертханалар және фитосанитариялық бақылау бекеттерінің жанындағы зертханалар зертханалық сараптамаға келіп түсетін үлгілердегі карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің түрлік құрамын анықтайды.

2. Жерсіндіру-карантиндік көшеттіктер тексеруге келіп түсетін импорттық, себу материалдары мен отырғызылатын материалдардағы жасырын залалдануды анықтайды.

3. Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы карантинді объектілердің таралу ошақтарын анықтайды және олардың таралу шекараларын айқындайды. Бұл ретте осы қызмет түрі мемлекеттік монополияның аясына жатады.";

9) мынадай мазмұндағы 7-2-баппен толықтырылсын:

"7-2-бап. Өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорынның функциялары

Өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорын :

1) карантинді объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау мен жоюды жүргізеді. Бұл ретте осы қызмет түрлері мемлекеттік монополияның аясына жатады;

2) карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды, оның ішінде фумигациялауды жүргізеді.";

10) 8 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац және 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың:

1) карантинге жатқызылған өнім мен өсімдіктер карантині жөніндегі бақылау объектілерін тексеріп қарау, фитосанитариялық сараптама және қажет болған кезде залалсыздандыру кезеңінде, сондай-ақ оларды фитосанитариялық не карантиндік сертификатсыз тасымалдау кезінде немесе басқа мемлекеттерден импорттық карантиндік рұқсатсыз әкелген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кідіртуге;"

1-1) тармақшадағы "елдер" деген сөз "мемлекеттер" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының сақталуын тексеру мақсатында ұйымдарға кедергісіз баруға және оларда зерттеп-қарау жүргізуге, белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат алуға;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жеке және заңды тұлғаларға карантинді объектілердің таралу ошақтарында және көлікте өсімдіктер карантині жөніндегі қажетті іс-шаралар жүргізу туралы нұсқамалар шығаруға ; " ;

5) тармақшадағы "өсімдіктер карантині жөніндегі заңдардың" деген сөздер " Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) карантинді объектілер анықталған ерекше жағдайларда дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметін сот шешімінсіз үш күннен аспайтын мерзімге, көрсетілген мерзімде сотқа қызметті тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы талап арызды міндетті түрде ұсына отырып, тоқтата тұруға құқығы бар. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шығарылғанға дейін қолданыста болады . " ;

екінші, үшінші және төртінші бөліктер алып тасталсын;

1 1) 9 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Қызметі карантинге жатқызылған өнімдермен байланысты тұлғалардың м і н д е т т е р і " ;

бірінші абзацтағы "органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдары" деген сөздер " органдар " деген сөзбен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптарын және уәкілетті органның өсімдіктер карантині жөніндегі тиісті іс-шараларды жүргізу туралы нұсқамаларын сақтауға және орындауға;"

2) тармақшадағы "Уәкілетті орган инспекторларының" деген сөздер "Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) 9 - 1 - б а п т ы ң 2) тармақшасында:

"базарлардағы" деген сөз "ішкі сауда объектілеріндегі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"карантиндік іс-шаралар" деген сөздер "өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 3) 1 0 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган жүзеге а с ы р а д ы . " ;

екінші бөліктегі "карантиндік іс-шаралардың" деген сөздер "өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "жөніндегі" деген сөз "саласындағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар

1. Ведомствоның және оның фитосанитариялық бақылау бекеттері бар аумақтық бөлімшелерінің өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды тікелей жүзеге асыратын лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етіледі.

2. Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар қаза тапқан немесе мертліккен жағдайда олардың Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен зиянды өтеттіруге құқығы бар.";

1 5) 1 2 - б а п т а :

тақырыптағы және бірінші абзацтағы "бойынша" деген сөздер "саласындағы мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан

, " деген сөздер алып тасталсын;

б) тармақшадағы "базарлар" деген сөз "ішкі сауда объектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 6) 1 3 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге фитосанитариялық бақылау бекеттері арқылы ғана рұқсат етіледі.";

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"елдердің" деген сөз "мемлекеттердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Республикада" деген сөз "Қазақстан Республикасында" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

т ө р т і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацтағы "әкелуге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей немесе оның Қазақстан Республикасы арқылы транзитін жүзеге асыруға дейін күнтізбелік бес күн ішінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасына әкелгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) т а р м а қ ш а д а :

"(транзиттеу) мақсаты және" деген сөздер "мақсаты," деген сөзбен ауыстырылсын;

"әкелінетін жүкті" деген сөздер "оны" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "мекен-жайы, ал транзиттік жүктер үшін - бағыты мен баратын елі" деген сөздер "мекенжайы" деген сөзбен ауыстырылсын; 3) тармақшадағы " немесе транзиті" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшадағы "немесе транзиттік тасымал мерзімдері" деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

б е с і н ш і б ө л і к т е :

"(транзиттеуге)" деген сөз алып тасталсын;

"өз есебінен карантиндік шараларды" деген сөздер "өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды өз есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлік "Импорттық" деген сөзден кейін "және транзиттік" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Импорттық карантиндік рұқсатты алуға өтінім берілген күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде рұқсат немесе оны беруден дәлелді бас тарту ресімделеді.";

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "органдары" деген сөз "бөлімшелері" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

е к і н ш і б ө л і к т е :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органдарға" деген сөздер "уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;
"жүкті" деген сөз "карантинге жатқызылған өнімді" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5) тармақшадағы "жүкті" деген сөз "карантинге жатқызылған өнімді" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші бөліктегі "кәсіпорындарында, базарларда," деген сөздер "ұйымдарында, ішкі сауда объектілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Фитосанитариялық сертификатты алуға өтінім берілген күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сертификат немесе оны беруден дәлелді бас тарту р е с і м д е л е д і . " ;

4 - 1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "аумақтық органның" деген сөздер "уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;
е к і н ш і б ө л і к т е :

"өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органға" деген сөздер "уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;
"өнімді" деген сөз алып тасталсын;

"жүкті" деген сөз "карантинге жатқызылған өнімді оны" деген сөздермен ауыстырылсын ;

төртінші бөліктегі "мекен-жайға жіберу осы операциялар аумағында жүзеге асырылатын өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органның" деген сөздер "мекенжайға жіберу уәкілетті органның өз аумағында осы операциялар жүзеге асырылатын аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөліктегі "жүктің" деген сөз "оның" деген сөзбен ауыстырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

", жүктерді" деген сөз алып тасталсын;

"мемлекетаралық шарттары мен заңдарына сәйкес және соларда" деген сөздер "заңнамасына сәйкес және онда" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

"бойынша бақылауға" деген сөздер "саласындағы мемлекеттік бақылауға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы шекаралық өткізу пункттерінде" деген сөздер "фитосанитариялық бақылау бекеттерінде" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"жүк" деген сөз "карантинге жатқызылған өнім" деген сөздермен ауыстырылсын;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"Шекаралық пункттің және бекеттің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы" деген сөздер "Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жүк" деген сөз "карантинге жатқызылған өнім" деген сөздермен ауыстырылсын;

"туралы" деген сөз "саласындағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"(жүкке), ыдысқа" деген сөздер алып тасталсын;

т ө р т і н ш і б ө л і к т е :

"жүк" деген сөз алып тасталсын;

"карантиндік бақылауға көрсетуден бас тартқан жағдайда бұл өнім" деген сөздер "өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау жүргізу үшін көрсетуден бас тартса, онда өнім" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының аумақтық," деген сөздер "уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін, Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі "жүк" деген сөз "оның" деген сөзбен ауыстырылсын;

с е г і з і н ш і б ө л і к т е :

"қажетті карантиндік іс-шаралар" деген сөздер "өсімдіктер карантині жөніндегі қажетті іс-шаралар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"карантиндік бақылаудан" деген сөздер "өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылаудан" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жүк" деген сөз "оның" деген сөзбен ауыстырылсын;

т о ғ ы з ы н ш ы б ө л і к т е :

"Шекарада" деген сөз "Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(жүктермен) жүк операцияларын (әкелінген жүкті басқа көлік құралдарына қайта тиеуді) жүк иелері" деген сөздер "жүк операцияларын (басқа көлік құралдарына қайта тиеуді) оның иелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жөніндегі бақылау" деген сөздер "саласындағы мемлекеттік бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

о н ы н ш ы б ө л і к т е :

"Өсімдіктер карантині жөніндегі шекаралық пункттер мен постыларда" деген сөздер "Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(жүктер)" деген сөз алып тасталсын;

о н б і р і н ш і б ө л і к т е :

б і р і н ш і с ө й л е м д е :

"Карантинге жатқызылған өнімдерді және көлік құралдарын тексеруді, жүкті баратын пунктінде" деген сөздер "Карантинге жатқызылған өнімнің баратын пунктінде карантинге жатқызылған өнімдерді және көлік құралдарын тексеруді," деген сөздермен ауыстырылсын;

"аумақтық органның" деген сөздер "уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші сөйлем алып тасталсын;

6 - т а р м а қ т а :

екінші бөлікте :

"уәкілетті органның және шекаралық пункттері мен шекарадағы постылары бар оның аумақтық органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларының" деген сөздер "өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жүк" деген сөз "карантинге жатқызылған өнімнің" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың фумигациялық отрядтарымен" деген сөздер "фумигациялық отрядтармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "Шекаралық пункттер мен шекарадағы постыларда" деген сөздер "Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "инспекторлар" деген сөз "инспектор" деген сөзбен ауыстырылсын ;

бесінші бөліктегі "жүктерді", "жүк иелері немесе көлік ұйымдары" деген сөздер тиісінше "карантинге жатқызылған өнімді", "өнім иесі немесе көлік ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

алтыншы бөліктегі "шетел мемлекеттерінде" деген сөздер "басқа мемлекеттерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 13 - 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "кәсіпорындардың" деген сөз "ұйымдардың" деген сөзбен ауыстырылсын ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл жұмыстарды орындауды өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың нұсқамалары бойынша жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы қамтамасыз етеді." ;

2-тармақтың екінші бөлігінде:

бірінші сөйлемдегі "Аумақтық органдардың" деген сөздер "Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем "бойынша" деген сөзден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

18) 14 - б а п т а :

1 - т а р м а қ алып тасталсын ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "карантинді объектілер ошақтарын оқшаулау мен жою жөніндегі шаралар әзірленіп, жүзеге асырылады, карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру, оны техникалық өңдеу жүргізіледі" деген сөздер "өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар әзірленіп, жүзеге асырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "карантинді объектілерді оқшаулау мен жою жөніндегі шаралар" деген сөздер "өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 4-тараудың тақырыбындағы "Өсімдіктер карантині жөніндегі заңдарды" деген сөздер "Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.";

2 1) 1 8 - б а п т а :

тақырыптағы "карантинін анықтау жөніндегі шараларды" деген сөздер "карантині жөніндегі іс-шараларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "мемлекеттік шараларды" деген сөздер "іс-шараларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"карантиндік" деген сөз "өсімдіктер карантині жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"органдарының", "ұйғарымдары" деген сөздер тиісінше "бөлімшелерінің", "нұсқамалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 20-баптың тақырыбы мен мәтініндегі "Шетелдік ұйымдар мен азаматтардың", "шетелдік ұйымдар мен азаматтардың" деген сөздер тиісінше "Шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғалардың", "шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 21-бап алып тасталсын.

2. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 140-құжат; 2004 ж., N 17, 98-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат):

1) 1 - б а п т а :

14) тармақшадағы "химиялық заттар" деген сөздер "пестицидтер (улы химикаттар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - өсімдіктерді қорғау саласындағы басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды, сондай-ақ өз өкілеттігі шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

2) 3-баптың 1) тармақшасындағы "елдің" деген сөз "мемлекеттің" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 4-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары;"

4) 6 - б а п т а :

тақырыптағы "орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер "органның" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

" 3 - 1) мынадай :

пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау);

пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу;

пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызмет түрлерін лицензиялау ережелерін әзірлеу;"

4) тармақша "тіркеу" деген сөзден кейін ", өндіру" деген сөзбен толықтырылсын;

5) тармақша "Қазақстан" деген сөздің алдынан "пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу және" деген сөздермен толықтырылсын;

18) тармақшадағы ", Қазақстан Республикасының пестицидтер (улы химикаттар) айналымы саласындағы заңнамасының сақталуын бақылау" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

"23) фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шаралардың жүргізілуін ;

пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды, тасымалдауды және қолдануды;

фитосанитариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу және табыс етуді;

пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтарын жүргізуді;

пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыруды және арнаулы сақтау орындарының (көмінділердің) жай-күйін;

лицензиялық ережелердің сақталуын бақылау енеді." деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

"23-1) мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

"

;

24) тармақшадағы "мемлекеттік экологиялық және

санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) тармақшадағы "енеді" деген сөз "жатады" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

5) 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "Уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің" деген сөздер "Ведомствоның" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Уәкілетті органның тиісті құрылымдық" деген сөздер "Ведомствоның" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "Фитосанитариялық бақылауды тікелей орындайтын уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер "Ведомствоның мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды тікелей орындайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 8-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы "олардың" деген сөзден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

7) 9 - б а п т а :

1) тармақшадағы "мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "өсімдіктерді қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер" деген сөздер "Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

" 5) м ы н а л а р :

пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау);

пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу;

пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензиялау кіреді.";

8) 10-баптың тақырыбы "саласындағы" деген сөзден кейін "қызметті жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 1 2 - б а п т а :

тақырып "Пестицидтерді" деген сөзден кейін "(улы химикаттарды)" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ "Пестицидтерді" деген сөзден кейін "(улы химикаттарды)" деген сөздермен толықтырылсын;

10) орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

1 1) 1 4 - 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"пестицидтер" деген сөзден кейін "(улы химикаттар)" деген сөздермен толықтырылсын;

"олардың" деген сөз "пестицидтердің (улы химикаттардың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "мемлекеттік экологиялық бақылау органы" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

"жергілікті мемлекеттік басқару" деген сөздер "жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 14-4-баптың 2-тармағындағы "оқыту бағдарламалары (оқу бағдарламалары)", "тиіс" деген сөздер тиісінше "оқу бағдарламалары", "жатады" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) мынадай мазмұндағы 14-6-баппен толықтырылсын:

"14-6-бап. Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу

Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тіркеу және өндірістік сынақтарының қорытындылары бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік тіркеуден өткен пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануға рұқсат етіледі және оларды уәкілетті орган пестицидтердің (улы химикаттардың) тізіміне енгізеді.

Тіркеу, өндірістік сынақтар және ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін тәжірибелік үлгілерді қоспағанда, мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді (улы химикаттарды), сондай-ақ тіркелмеген пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруге арналған бастапқы компоненттерді өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға тыйым салынады. Тіркеу, өндірістік сынақтар және ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін пестицидтердің (улы химикаттардың) санын уәкілетті орган айқындайды.";

14) 16-бап алып тасталсын;

15) 17-баптың 2) тармақшасы "пестицидтерді" деген сөзден кейін "(улы химикаттарды)" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 19-2-баптың 2-тармағындағы "мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарының келісімі" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 19 - 3 - б а п т а :
1 - т а р м а қ :

"Пестицидтерді", "пестицидтер", "пестицидтердің" деген сөздерден кейін тиісінше "(улы химикаттарды)", "(улы химикаттар)", "(улы химикаттардың) залалсыздандыруға жататын" деген сөздермен толықтырылсын;

"бақылау" деген сөзден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақтағы "мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарының келісімі" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ "Пестицидтерді" деген сөзден кейін "(улы химикаттарды)" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 19-6-баптың тақырыбы "буып-түю" деген сөзден кейін "және олардың ыдысы" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 19-8-баптың тақырыбындағы және 1, 2-тармақтарындағы "Пестицидтерді (улы химикаттарды)", "орамын", "Таңбалау" деген сөздер тиісінше "Пестицидтердің (улы химикаттардың) буып-түйілуін", "буып-түйілуін", "Буып-түюді таңбалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 19-9-баптың 1-тармағындағы "экологиялық, құрылыс және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың талаптарына" деген сөздер, құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына, экологиялық талаптарға, санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 5 - т а р а у д ы ң т а қ ы р ы б ы н д а :

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді; "өсімдіктерді қорғау туралы заңдарды" деген сөздер "Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады."

3. "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 2, 10-құжат; N 20, 152-құжат; 2008 ж., N 20, 89-құжат; N 23, 114-құжат; N 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., N 2-3, 16, 18-құжаттар; 2009 жылғы 8 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауар биржалары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Улы заттар айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

Мына қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

- 1) уларды өндіру, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою;
- 2) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау);
- 3) пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу;
- 4) пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану ;
- 5) тіркеу, өндірістік сынақтар мен ғылыми зерттеулерге арналған тәжірибелік үлгілерді қоспағанда, пестицидтерді (улы химикаттарды) және оларды өндіруге арналған бастапқы компоненттерді әкелу."

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жеке және заңды тұлғаларға берілген, пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруге (формуляциялауға), өткізуге және қолдануға арналған лицензиялар жарамды.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н. Назарбаев